

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»

Қызылорда ашық
университетінің ректоры
 К.А.Бисенов
«28» 08 2023 ж.



**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖӘНЕ ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Республиканың, мемлекеттік зерттеушілік, ғылыми-зерттеушілік, инновациялық ғылыми-зерттеушілік және тәрбие мінистрлігі 2007 жылдың 29 наурызындағы №530 бұйнан «Бекітемін» бейні берген бейнілдік деңгээлдердің жаңынайтын «Бекітемін» беру стаптерларының орталығының қаржысынан жүргізіледі.

Қызылорда, 2023 ж.

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже Қызылорда ашық университетінің оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыс ғылым мен білімді интеграциялау, оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын өзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

2. Оқу-әдістемелік жұмыстың міндеттері:

- білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру ұдерісін қолданыстағы технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын өзірлеу, енгізу және жетілдіру;
- педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету;
- педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін жетілдіру болып табылады.

Оқу-әдістемелік жұмысқа тиісті құрылымдық бөлімшелер басшылық жасайды.

Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бүйрүғымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Оқу-әдістемелік жұмыстың мазмұны

Оқу-әдістемелік жұмыс мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе мен білім беруді ақпараттандыруды қорыту және тарату жөніндегі іс-шараларды өткізу;
- 2) арналған оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың білім алушылардың ағымдық үлгеріміне әсерін талдау;
- 3) білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді өзірлеу;

4) білім алушылардың контингентін, олардың бейінін, дайындық деңгейін және мүмкіндіктерін ескере отырып, жыл сайын қалыптастыру жұмысты әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

5) білім беру процесін оқу әдебиеттерімен және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамсыздандыру мониторингін жүзеге асыру;

6) білім беру үдерісін келешектегі демографиялық, экономикалық және салалық ахуалды ескере отырып, өнірлер бойынша және жалпы ел бойынша жоспарлауды ұйымдастыру;

7) оқытудың жаңа технологиялары бойынша, оның ішінде кредиттік және қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік құжаттар әзірлеу және енгізу;

8) ғылыми жобаларды, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және конкурстарға қатысу, олардың нәтижелерін өндіріске, оқу процесіне енгізу;

9) даярлаудың қолда бар және болашағы бар бағыттары бойынша мамандарға қажеттілікті болжау үшін деректер базасын құру мақсатында маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру;

10) дидактикалық-әдістемелік, оқу материалдық оқыту құралдарын әзірлеу және енгізу;

11) диссертациялардың, монографиялардың, ғылыми мақалалардың, ғылыми-әдістемелік әзірлемелердің, жобалардың сараптамасын жасау;

12) білім беру процесін оқу әдебиеттерімен және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамсыздандыру мониторингін жүзеге асыру;

13) мәндес мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын бірыңғайландыру жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

14) нормативтік құқықтық құжаттарды, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім мамандықтарының жіктеуішін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

15) оқу үдерісіне қазіргі заманғы оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдарды, және оқытудың автоматтандырылған жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық кітапханалық жүйелерін енгізу;

16) оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу, типтік оқу бағдарламасының жобаларын дайындауға қатысу;

17) оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып сараптау;

18) оқулықтар, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік, оның ішінде электрондық тасымалдағыш құралдарын және дидактикалық материалдарды әзірлеу;

19) оқытудың жаңа технологиялары бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік құжаттар өзірлеу және енгізу;

20) оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

21) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша тақырыптық ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарларды, конференцияларды, вебинарларды, кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;

22) студенттердің, ғылыми-әдістемелік жұмысының мазмұны мен нысандарын ұйымдастыру, үйлестіру, талдау;

23) нормативті-құқықтық актілерін, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру классификаторын және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау;

24) оқу үдерісіне қазіргі заманғы оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдарды, және оқытудың автоматтандырылған жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық кітапханалық жүйелерін енгізу;

25) оқу жұмыс бағдарламаларын өзірлеу, типтік оқу бағдарламасының жобаларын дайындауға қатысу;

26) оқулықтар, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік, оның ішінде электрондық тасымалдағыш құралдарын өзірлеу;

27) білім саласын ақпараттандыру және озық педагогикалық тәжірибелі жинақтау мен тарату іс-шараларын жүргізу;

28) дидактикалық-әдістемелік, оқу материалдық оқыту құралдарын өзірлеу және енгізу;

29) оқытудың жаңа технологиялары бойынша оқу-әдістемелік құжаттар өзірлеу және енгізу;

30) мәндес мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын бірыңғайландыру жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

31) оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын сараптау;

32) оқу-әдістемелік жұмыстың ұйымдастырылуының білім алушылардың ағымды үлгеріміне ықпалы;

33) пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін (ПОӘК) өзірлеу;

34) тестілік тапсырмалары мен білім алушылардың білімін бағалау түрлерін дайындау және талдау;

35) оқу үдерісін оқу әдебиеті мен әдістемелік нұсқаулықтармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу;

36) білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді өзірлеу;

- оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың сапасына талдау жүргізу;

- білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейіне, оқыту сапасына талдау жасау;

- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарларды, конференцияларды, кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;
- білім алушылардың контингентін, олардың бейінін, дайындық деңгейін және мүмкіндіктерін ескере отырып, жыл сайын қалыптастыру жұмысты әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;
- даярлаудың қолда бар және болашағы бар бағыттары бойынша мамандарға қажеттілікті болжau үшін деректер базасын құру мақсатында маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру;
- университет тұлектерін жұмыспен қамтамасыз етуді және оқуын жалғастыруды әдістемелік қамтамасыз ету (мамандарға сұранысты зерттеу, тұлектерге сауалнама жүргізу, өндіріс пен байланыс жүргізу, тұлектердің орналасу қартасын құру, тұлектердің ярмаркасын ұйымдастыру);
- оқытудың барлық деңгейлеріне мемлекеттік, орыс және шетел тілдерін оқыту бойынша нұсқаулар дайындау.

3. Құрылымдық бөлімшелердегі оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тәртібі

Оқу-әдістемелік жұмыс университет кафедраларында жүзеге асырылады.

Кафедралар осы Ереже негізінде оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелер мынадай оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асырады:

- кафедралардың оқу-әдістемелік жұмысына басшылық жасау;
- оқу-әдістемелік жұмыс бойынша нормативтік-құқықтық құжаттарды сараптау және оларға ғылыми-әдістемелік кеңестің қарауы үшін ұсынымдар беру;
- оқу-әдістемелік жұмыстың жай-күйін талдау және оларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдамаларды пысықтау;
- оқу-әдістемелік өнімдердің жариялануына және таралуына талдау және ұсынымдама жасау.
- университеттің оқу-әдістемелік жұмысына бірінші проректор тікелей басшылық жасайды.

Ұжымдық әдістемелік жұмыстың нысаны тәжірибелі мектептер, нұсқаулық-әдістемелік мәжілістер, семинарлар, дәрістер және конференциялар болып табылады.

Оқу-әдістемелік құжаттама университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде әзірленеді, кафедрада, академиялық сапа комитетінде талқыланып, оң шешімге ие болған соң, университет ректорымен бекітіледі.

Университет кафедралары үлгілік оқу жоспарларына және білім беру бағдарламаларының негізгі оқу жоспарына сәйкес жұмыс оқу жоспарларын дайындауды, олар кафедрада, әдістемелік бюро мен университеттің ғылыми-

әдістемелік кеңесімен қаралып, оң қорытындыны алғаннан кейін, университет ректорымен бекітіледі.

Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері үлгілік және негізгі оқу бағдарламасына, пәндер каталогына сәйкес оқытушылармен әзірленеді және кафедраның әдістемелік кеңесінде, Академиялық сапа жөніндегі комитетте қаралып, Академиялық мәселелер жөніндегі проректормен бекітіледі.

Әдістемелік нұсқаулықтар профессор-оқытушыларымен дайындалады. Кафедраның, университет ғылыми-әдістемелік кеңесімен бекітіледі.

Кафедраның оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру іс-шаралар кешенінен және ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты қамтиды:

- оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету (силлабус, бақылау-өлшемдік материалдар, СӨЖ және т.б.);

- білім алушылардың дәрісханалық және дәрісханадан тыс жұмысын жетілдіру;

- университеттің оқу жұмысының барлық түрлерін, нысандарын, әдістерін жақсарту.

Кафедраның оқу-әдістемелік жұмысы әр оқытушымен жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады, кафедра менгерушімен үйлестіріледі және бақылау жүргізіледі.

Университеттің деңгейіндегі оқу-әдістемелік жұмыс, оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша нормативті және оны әдістемелік қамтамасыз ететін құжаттарға сүйене отырып, бағыт бойынша университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесімен үйлестіріледі.

Келісілді:

Бірінші проректор

К.А.Еримбетов

Дайындағандар:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

А.Б.Әлібекова

Оқу процесін тіркеуши оғисінің менгерушісі

А.Х.Омарова